

Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 27 қыркүйектегі N 217 Жарлығына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 1503 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 240 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 25.04.2016 № 240 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасының консулдық мекемелерін құру, қайта құру және олардың қызметтерін тоқтату тәртібін реттеу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 27 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасының Консулдық жарлығын бекіту туралы" N 217 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 47, 430-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының
К о н с у л д ы қ ж а р ғ ы с ы :

мынадай мазмұндағы 3-1-баппен толықтырылсын:

"3-1 бап. Консулдық мекемелер:

- 1) бас консулдықтар - Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының;
- 2) консулдықтар, вице-консулдықтар және консулдық агенттіктер - Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының;
- 3) консулдық бөлімдер - Сыртқы істер министрі бұйрықтарының негізінде құрылады, қайта құрылады және өз қызметтерін тоқтатады."

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*